

Қазақстан Республикасында валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізу туралы есеп

I. Кіріспе.

Заңнама саласының (кіші саласының) атауы:

Қазақстан Республикасындағы валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы заңнама

Заңнама саласын (кіші саласын) реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі:

- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – *Ұлттық Банк туралы заң*) (8-баптың 5), 16), 17), 18-1), 19), 24-1), 28) 35) және 38-4) тармақшалары, 15-баптың 2-тармағының 4), 13), 14) тармақшалары, 56-баптың 1), 2), 6)-10) тармақшалары);

- «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – *Валюталық реттеу туралы Заң*) (1-баптың 1-тармағының 1), 8) және 9) тармақшаларын, 5-баптың 4-тармағының 2) тармақшасын, 7-баптың 1-тармағының 11) тармақшасын, 10-баптың 3 және 4-тармақтарын, 11-баптың 1, 2, 3-тармақтарын, 12-баптың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7-тармақтарын қоспағанда);

- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығы (бұдан әрі – *Ұлттық Банк туралы ереже*) (*Ұлттық Банк туралы Ереженің валюталық реттеу және валюталық бақылау және сыртқы сектордың статистикасы бөлігінде талданатын саланы тікелей 14-тармақтың екінші бөліктегі 11), 28), 29), 30), 38, 42)-тармақшалары, 19-тармақтың екінші бөліктегі 41), 43), 44) 45)-тармақшалары, төртінші бөліктегі 1), 11), 15)-тармақшалары, бесінші бөлігінің 47) тармақшасы, сондай-ақ 21-тармағының үшінші бөлігінің 11) тармақшасының үшінші абзацы реттейді*);

- «Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерінің мониторингі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 қаулысы;

- «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысы;

- «Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйымдардың филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 41 қаулысы;

- «Қазақстан Республикасындағы валюталық операциялардың мониторингі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысы;

- «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 бірлескен қаулысы және Қазақстан Республикасы Премьер - Министрі орынбасарының-Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бұйрығы.

Нысаналы топтар:

- резидент және бейрезидент жеке тұлғалар;
- резидент және бейрезидент заңды тұлғалар;
- уәкілетті банктер¹;
- шетелдік қаржы ұйымдары²;
- шетелдік қаржылық емес ұйымдар³.

Саласының (кіші саласының) сипаттамасы, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі мақсаттары мен міндеттері, реттеу объектісі мен субъектісі: валюталық операцияларды жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеу.

Мақсат: Қазақстан Республикасының орнықты экономикалық өсуіне қол жеткізу және халықаралық ынтымақтастығын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатқа жәрдемдесу, төлем балансының орнықтылығын, Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығының тұрақтылығын және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Міндет: Қазақстан Республикасында валюталық құндылықтар айналысының тәртібін айқындау, Қазақстан Республикасының әлемдік экономикаға одан әрі интеграциялануына жәрдемдесу, валюталық операциялар және Қазақстан Республикасының халықаралық қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша ақпараттық базаны қамтамасыз ету.

Объект: резиденттер мен бейрезиденттер жүзеге асыратын валюталық операциялар.

Субъект: валюталық операцияларды жүзеге асыратын резиденттер мен бейрезиденттер, уәкілетті банктер және шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдар.

II. Заңнама саласын (кіші саласын) ретроспективті талдауы

р/с №	Талданатын заңнама саласының (кіші саласының) уақытша кезеңі	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Тұжырымдамалық сипаттағы енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды сипаттау (заңнамалық актінің құрылымдық элементтерін көрсете отырып)	Түзету негіздері және бастапқыда айтылған мақсаттар	Нақты салдары (енгізілген түзетулердің нәтижелері)
----------	---	--	--	--	---

¹ валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізетін, Қазақстан Республикасында құрылған банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ шетелдік банктердің Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдары

² шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылған және өздері тіркелген мемлекеттердің заңнамасы негізінде қаржы қызметтерін көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдік банктер және өзге де қаржы институттары

³ шетелдік қаржы ұйымдарын қоспағанда, шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан заңды тұлғалар және заңды тұлға құрмайтын өзге де ұйымдар

1.	2019 – 2025 жж. (2018 жылы қабылданды)	Валюталық реттеу туралы Заң (ҚР-да қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциялары н жүзеге асыру саласын реттейтін бөлігін қоспағанда)	Валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы қатынастарды реттеудің құқықтық тетігін жетілдіру, халықаралық тәжірибені ескере отырып, валюталық заңнамадағы құқықтық олқылықтарды жою мақсатында жаңартылған нормалардың көлемін ескере отырып, 2018 жылғы 2 шілдеде Валюталық реттеу туралы Заң жаңа редакцияда қабылданды. Заңмен келесі новеллалар енгізілді: 1) интеграциялық процестерді ескере отырып, тұжырымдамалық аппарат жетілдірілді, арнайы Халықаралық экономикалық аймақтарды (АХҚО, «Қорғас» ХШЫО) құруға және дамытуға байланысты бірқатар жаңа ұғымдар бекітілді; 2) ерекше құқықтық режимі бар аймақтар аумағында (АХҚО, «Қорғас» ХШЫО) олардың қатысушылары ретінде тіркелген адамдар жүзеге асыратын операцияларға қойылатын талаптар жеңілдетілген; 3) валюталық операциялардың статистикалық мониторингін қамтуды кеңейту және бизнес үшін валюталық заңнама талаптарына байланысты рәсімдерді оңайлату бөлігінде валюталық реттеу режимі жетілдірілген (ағымдағы және күрделі операцияларға шектеусіз ірі трансшекаралық төлемдерді статистикалық мониторингке енгізу, бұл ретте операцияларды жіктеуді валюталық бақылау агенттері емес, валюталық реттеу органы жүзеге асырады, валюталық операция туралы тіркеу куәліктерін және валюталық операция туралы хабарлама туралы куәліктерді беру рәсімін валюталық шартқа есептік нөмір беру рәсімімен ауыстыру жолымен валюталық реттеу режимдеріне қатысты нормаларды оңтайландыру ж.б.); 4) Ұлттық Банктің қолма қол ақшасыз конверсиялық операциялар нарығын реттеу және конверсиялық операцияларды жүргізу тәртібін айқындау бөлігінде өкілеттіктері бекітілді, сондай-ақ, қызметтің айрықша түрі банкке жақын тәуекелдерді басқару жүйелерін енгізу және Ұлттық Банкке тиісті мәліметтерді ұсыну жолымен қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын (банктік емес айырбастау пункттері) ұйымдастыру болып табылатын уәкілетті ұйымдардың жұмыс істеу тәртібіне қойылатын талаптар қайта қаралды; 5) валюталық операцияларды жіктеу және валюталық операциялардың статистикалық мониторингін ұйымдастыру бөлігінде валюталық реттеу және валюталық мониторинг режимдеріне қатысты нормалар оңтайландырылды. 2019 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде Валюталық реттеу туралы заңға мынадай сипаттағы нүктелік өзгерістер енгізілді: 1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық
----	---	---	--

		аймақтар, инвестициялар тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» <u>2019 жылғы 3 сәуірдегі</u> Заңмен ЕАЭО кедендік шекарасына байланысты нақтылайтын тұжырымдар енгізілді; 2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту, микроқаржы қызметі және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» <u>2019 жылғы 3 шілдедегі</u> Заңмен Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратуға байланысты түзетулер енгізілді; 3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» <u>2023 жылғы 12 шілдедегі</u> Заңмен мемлекеттік кірістер комитетінің (МКК) валюталық бақылау жөніндегі өкілеттіктерін бекіту, сондай-ақ МКК мен Ұлттық Банк арасындағы экспорттық-импорттық шарттар бойынша валютаны репатриациялау талаптарының орындалуын бақылауды бөлу жөнінде түзетулер енгізілді; 4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнесті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» <u>2024 жылғы 6 сәуірдегі</u> Заңда редакцияны жақсарту мақсатында «арнайы валюталық режимі» деген сөздерді «төлем балансын қорғау жөніндегі шараларға» ауыстыруды көздейтін түзетулер енгізілді; 5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» <u>2025 жылғы 30 маусымдағы</u> Заңда Ұлттық Банктің жекелеген өкілеттіктерін Ұлттық Банк туралы ережеге ауыстыруға байланысты нормаларды оңтайландыру көзделген; 6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» <u>2025 жылғы 18 шілдедегі</u> Заңда күмәнді қаржылық қарыздар бойынша мәліметтерді салық салу мақсаттары үшін МКК-ға ұсынуға қатысты түзету көзделген; 7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» <u>2025 жылғы 19 қыркүйектегі</u> Заңда айырбастау операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың құрылтайшыларында
--	--	--

			(қатысушыларында) «мінсіз іскерлік беделдің» болуы жөніндегі талап нақтыланды. Енгізілген жаңалықтарды талдау және практикалық іске асыру заңның нормалары екенін көрсетті: - Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру саласындағы құқықтық реттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді; - Ұлттық Банктің валюталық реттеу саласындағы саясатын тиімді Нормативтік қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді; - Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығының тұрақтылығын және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға жәрдемдесуді қамтамасыз етеді.
--	--	--	--

III. Стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды талдауы

№ p/c	Мемлекеттік жоспарлау Жүйесі құжатының немесе өзге де жоспарлау құжатының атауы	Мақсаты (мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатына немесе өзге жоспарлау құжатына сәйкес қол жеткізу қажет нәтиже)	Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не іске асыру үшін қабылданған немесе әзірленетін мақсаттың атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып)	Мақсатқа қол жеткізуге бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар)	Мақсаттарға қол жеткізу құқығының нормаларын бағалау (нормативтік реттеу оларға қаншалықты қол жеткізуге мүмкіндік береді). * Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді
1.	ҚРҰБ Төрағасының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 259 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің	Тиімді валюталық реттеу және валюталық бақылау	«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Заңы	Уәкілетті банктерге қатысты «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» ҚР	Уәкілетті банктердің қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде нормативтік реттеу уәкілетті ұйымдардың

	2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспары			Заңының 15-2-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес бақылау және қадағалау органы жылына бір реттен жиі емес тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруді жүзеге асырады	жоспарлы тексерулері жөніндегі мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.
--	--	--	--	---	---

IV. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын талдауы

№ р/с	Халықаралық шарттың атауы	Қазақстан Республикасының Міндеттемесі (халықаралық шарттың құрылымдық элементін көрсете отырып)	Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не орындалуы үшін қабылданған немесе әзірленетін міндеттеменің атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып)	Міндеттемелерді орындауға бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар) * Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді
-------	---------------------------	--	---	--

ҚР ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру бөлігінде Қазақстанның міндеттемелері **жоқ**.

V. Құқық қолдану практикасын талдауы

№ р/с	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі	Проблемалық сұрақтардың сипаттамасы	Ақпарат көздері	Қабылданған немесе қабылданған шаралар
1.	Валюталық реттеу туралы заң, Ұлттық Банк Басқармасы	Валюталық реттеу мен валюталық бақылаудың рәсімдік мәселелерін регламенттейтін нормалар	Жалпы алғанда, Ұлттық Банктің валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша Заң және НҚА нормаларын іске асыру кезінде бірыңғай практика қолданылады.	«Е-Otinish» ақпараттық жүйесі	Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Ұлттық Банк өтініштерде сұратылатын

	ның қаулылары	Алайда реттеу субъектілері заңнаманың жекелеген нормаларын түсіндіру үшін Ұлттық Банкке жүгінеді. Әдетте, келіп түскен сұраулар жеке немесе заңды тұлғаның нақты жағдайына байланысты. Түсіндіру сұралатын негізгі мәселелер: - экспорттық-импорттық валюталық бақылау тәртібі; - валюталық операцияларды жүзеге асыру және олар бойынша мәліметтерді ұсыну мәселелері; - капитал қозғалысы бойынша валюталық шартты есептік тіркеу мәселелері. 2025 жылдың 9 айында Ұлттық Банкке жеке және заңды тұлғалардан 484 (307 - орталық аппаратқа, 177 – аумақтық филиалдарға) сауал түсті.	заңнама нормаларына түсініктеме береді. Түсіндіру сипатындағы шаралар жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын жабады және қосымша іс-шаралар өткізуді талап етпейді.
--	---------------	---	---

VI. Заңнама саласының (кіші саласының) тұрақтылығы

p/с	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің атауы	Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі	Енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың негіздемесі
Конституциялық Заңдар, Кодекстер, шоғырландырылған заңдар, заңдар				
1	Валюталық реттеу туралы заң	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 6 сәуірдегі № 71-VIII ҚРЗ Заңы	22-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы, 24-бап (6 тарау)	Келесі өзгерістер енгізілді: - Ұлттық Банктің уәкілетті банктерге қатысты анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы талап қою бөлігінде нақтылайтын түзету; - төлем балансын қорғау жөніндегі шаралардың негіздерін, қолданылу шарттары мен түрлерін регламенттейтін «төлем балансын қорғау жөніндегі шаралар» 6-

			тарауының жаңа редакциясында баяндау.
	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, Байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII Заңы	4-бап (тақырып, 3-тармақ), 5-бап (3,4,6-тармақтар), 10-бап (6,7-тармақтар)	ҚР Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократияландыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру үшін заңға мынадай өзгерістер енгізілді: - Заң реттеудің міндеттері мен қағидаттарын реттейтін нормалармен толықтырылды; - Ұлттық Банктің валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы НҚА бекітетіні туралы негіздемелік норма бекітілді, бұл ретте Ұлттық Банк қабылдайтын заңға тәуелді НҚА тізбесі Ұлттық Банк туралы ережеде айқындалады; - Ұлттық Банк бекітетін Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында ҚР ішкі валюта нарығында қолма – қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату тәртібі, ҚР ішкі валюта нарығында шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алу мақсаттарын растау бойынша резидент заңды тұлғаларға (уәкілетті банктерді қоспағанда) қойылатын талаптар айқындалатыны нақтыланды және оны мәлімделген мақсаттарға пайдалану, сондай-ақ осы талаптардан асып кеткен кезде сатып алу сомасы үшін шекті мән қолданылады.
	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 215-VIII ҚРЗ Заңы	13-бап (1-тармақ)	ҚР Салық кодексінің 679-бабы 1-тармағының 39) тармақшасына сәйкес ҚР-дағы көздерден бейрезиденттің табысы деп танылатын операциялар туралы мәліметтерді Мемлекеттік кірістер органына ұсыну туралы норма енгізілді.
	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен	1-бап (1-тармақ), 13-бап (3-тармақ)	КЖТҚҚ мәселелері бойынша түзетулер енгізуге байланысты заңда «мінсіз іскерлік бедел» ұғымы

		алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 219-VIII ҚРЗ Заңы (бұдан әрі- КЖТҚК)		бекітіліп, осыған байланысты нақтылаушы түзетулер енгізілді.
2	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Туралы» Заң	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 6 сәуірдегі № 71-VIII ҚРЗ Заңы	56-бап (8-тармақша)	«Арнайы валюта режимі» деген сөздерді «төлем балансын қорғау жөніндегі шараларға» ауыстыруды көздейтін редакциялық түзету енгізілді.
		«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, Байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII Заңы	8-бап (16), 17) 18-1), 19), 35, 38-4 тармақшалар)	ҚР Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократияландыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру үшін Ұлттық Банктің функциясын регламенттейтін бапта Ұлттық Банктің әдіснаманы, сыртқы сектор статистикасы бойынша нысандарды әзірлеу, ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу және т.б. жөніндегі құзыреті жинақталды, бұл ретте Ұлттық Банк бекітетін тізбе Заңның 15-бабынан Ұлттық Банк туралы ережеге ауыстырылды.
Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары				
1	«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесі мен құрылымын бекіту	Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 6 қыркүйектегі № 984 Жарлығы «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгеріс енгізу туралы	Ұлттық Банк туралы ереженің жаңа редакциясы	«Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократияландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру үшін Ұлттық Банк туралы ережеге Ұлттық Банктің Басқармасы бекітетін НҚА

	туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығы	2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесі мен құрылымын бекіту туралы»		тізбесі (Ұлттық Банктің қызметін реттейтін заңдардан) көшірілді, ереже 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 ҚР Үкіметінің «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократияландыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы Үлгілік ережеге сәйкес келтірілді.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары				
-				
Ведомстволық нормативтік құқықтық актілер				
1	«Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерінің мониторингі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 қаулысы	«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және есептілікті ұсыну мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 22 тамыздағы № 48 қаулысы	1,2,3,4,5,6 қосымшалар	Келесі өзгерістер енгізілді: - респонденттердің сомалар санаттарындағы қателіктерін азайту үшін есептер валюта бірліктеріне аударылды; - есептерді түзету мерзімдерін өзгерту; - «Банк пен оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алу (сату) туралы есебі» 2-нысанына 130000 жаңа көрсеткішті және 6-10-бағанды енгізу. 2-нысанды толтыру бойынша түсіндіру бөлігінде ілеспе нақтылаушы түзетулер; - «CNY» валютасының бағанын енгізу және респонденттерді нақтылау бөлігінде «Клиенттердің шетел валютасындағы банктік шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп» 3 және «Банк болып табылмайтын шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есебі» 5-нысандарын жетілдіру; - «Қолма-қол шетел валютасының қозғалысы туралы есеп» 6-нысанын пысықтау, сондай-ақ шет мемлекеттердің орталық банктерімен операциялар нысандарына енгізу.
		«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан	8-тармақ, 1,2,3,4,5,6-қосымшалар	Келесі өзгерістер енгізілді: - есептерді ұсыну және түзету мерзімдерін қысқарту; - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының

		Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 20 ақпандағы № 4 қаулысы		м. а. 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығы бойынша әкімшілік деректерді әкімшілік дереккөздермен өтеусіз негізде ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинау жөніндегі есептердің нысандарын ресімдеу жөніндегі талаптарға сәйкес келтіру; - «Клиенттердің шетел валютасындағы банктік шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп» 3-нысанының жекелеген өрістерін пысықтау.
2	«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысы	«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және есептілікті ұсыну мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 22 тамыздағы № 48 қаулысы	Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін Ұлттық Банк Басқармасының кейбір қаулыларын тізбесі	Келесі өзгерістер енгізілді: - төлем балансында жеке тұлғалардың операцияларын қамтуды арттыру мақсатында жеке тұлғалардың трансшекаралық операциялары бойынша есептілік шегін 50 000 АҚШ долларынан 10 000 АҚШ долларына дейін төмендету; - уәкілетті банктерге операциялық жүктемені төмендету мақсатында конверсиялық операциялар бойынша есептілік үшін шекті 1 000 АҚШ долларына дейін арттыру; - валюталық операцияларды неғұрлым жедел мониторингілеу мақсатында уәкілетті банктер ұсынатын есептерді түзету мерзімін 4 айдан 1 айға дейін қысқарту, өйткені бұл экономикалық жағдайды уақтылы бағалауға және қажетті шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, бұл халықаралық нарықтардағы құбылмалылық және сыртқы күйзелістердің болуы жағдайында өте маңызды; - клиент бұрын сатып алған шетел валютасын басқа уәкілетті банкке аудару мәселелерін реттеу; - резидент заңды тұлғалардың қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуы бойынша белгіленген тәртіпті қатаң түсіндіруді болдырмау; - бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары жүзеге асыратын конверсиялық операцияларды дұрыс көрсету;

				- есептік тіркеу рәсімін нақтылау, сондай-ақ капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттарды және шетелдік банктердегі шоттарды есептік тіркеуден алу; - бейрезидент-брокерлермен жасалған брокерлік қызметтер көрсету туралы шарттар, бейрезидент -инвестициялық портфельді басқарушылармен жасалған инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарттар негізінде жүзеге асырылатын резидент-жеке тұлғалардың операцияларын есептік тіркеуден шығару.
		«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 20 ақпандағы № 4 қаулысы	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларын ың тізбесі	Келесі өзгерістер енгізілді: - есептерді ұсыну және түзету мерзімдерін қысқарту; - жүргізілуі ҚР валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға бағытталуы мүмкін операциялардың тізбесін кеңейту.

3	«Қазақстан Республикасы нда валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысы	«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 22 тамыздағы № 48 қаулысы	12, 15-17, 22, 23, 34-тармақтар, 6, 9 қосымшалар	Келесідей өзгерістер енгізілді: - трансшекаралық операциялар туралы есеп беру шегін төмендету; - уәкілетті банктер ұсынатын есептерді түзету мерзімін қысқарту; - клиенттің бұрын сатып алған шетел валютасын басқа уәкілетті банкке аударуына байланысты мәселелерді шешу; - резидент заңды тұлғалардың қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алудың белгіленген тәртібін қате түсіндіруді болдырмау; - бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары жүзеге асыратын конверсиялық операцияларды дұрыс көрсету; - капитал қозғалысы мен шетелдік банктердегі шоттар бойынша валюталық келісімшарттарды тіркеу және тіркеуден шығару тәртібін нақтылау; - бейрезидент-брокерлермен жасалған брокерлік қызмет көрсету шарттары және бейрезидент-инвестициялық портфельді басқарушылармен жасалған инвестициялық портфельді басқару шарттары бойынша жүзеге асырылатын резидент жеке тұлғалардың операцияларын тіркеуден алып тастау.
		«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 20 ақпандағы № 4 қаулысы	34-тармақ, 9-қосымша	Келесідей өзгерістер енгізілді: - уәкілетті банктердің есептерді ұсыну және түзету мерзімдерін қысқарту; - ҚР валюталық заңнамасының талаптарын бұзу үшін пайдаланылуы мүмкін операциялардың тізбесін кеңейту, оның ішінде бейрезиденттердің шетел валютасын теңгеге сатып алу үшін конверсиялық операциялары.
4	«Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі №	«Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі №	4-тармақ; 5-тармақтың 2) тармақшасы; 24-тармақтың екінші бөлігі;	Енгізілген өзгерістер: -КГД тарапынан тауарларға арналған декларациялар, тауарларды әкелу және қосылған құн салығын төлеу туралы өтініштер, электрондық шот-фактуралар бойынша кеңейтілген мәліметтер құрамын күнделікті негізде жіберуді көздейтін Қағидалар

қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығы	78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 83 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 886 бірлескен қаулысы мен бұйрығы	37, 38 және 39-тармақтар; 47-тармақтың бірінші бөлігі; 51-тармақ; 53-тармақтың екінші бөлігі; 56-тармақтың бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктері; 2-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы; 6-тармақ; 25 және 26-тармақтар; 33-тармақтың бірінші бөлігі; 40-тармақтың екінші бөлігі; 42-тармақ екінші бөлім 43 45-тармақтың бірінші бөлігі 48-тармақтың бірінші бөлігі 53-тармақ 55,56,57 тармақтар 63-тармақ	нормаларын КГД-ның толық дайын болмауына байланысты 2025 жылдан 2026 жылға ауыстыру; - міндеттемелердің орындалуын мониторингтеу тиімділігін арттыру мақсатында экспорт немесе импорт бойынша валюталық шартты есептік тіркеуден алу негіздерінің жалпы тізбесінен 50 мың АҚШ долларына баламадан төмен берешек қалдығының болуына байланысты есептік тіркеуден алу негізін жеке негіз ретінде бөлу; - мемлекеттік кірістер органдарының валюталық бақылауды жүзеге асыру үшін КГД-ның ақпараттық жүйесі толық дайын болғанға дейін ҰБ ақпараттық жүйесін пайдалану; - экспорт немесе импорт бойынша валюталық шарттар шеңберіндегі міндеттемелердің орындалуын жекелеген есепке алу аясында мониторингтеу рәсімдерін жетілдіру; - уәкілетті банктерден алынатын, сомасы 10 000 (он мың) мен 50 000 (елу мың) АҚШ доллары аралығында жасалған экспорт немесе импорт бойынша валюталық шарттар бойынша төлемдер туралы мәліметтерді, есепті айда ақша сомасы 100 000 (жүз мың) АҚШ долларынан асып кеткен жағдайда, валютаны репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау мақсатында КГД-ға беру. Сонымен қатар, Жоба редакциялық және нақтылаушы сипаттағы түзетулерді де көздейді.
Саланың тұрақтылық дәрежесі: 25,6 (саланы тұрақсыз құқықтық реттеу)			

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 471 бұйрығымен бекітілген Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларының 29-тармағына сәйкес құқықтық мониторинг жүргізу жылының алдындағы жыл құқықтық реттеудің тұрақтылық дәрежесін айқындау кезеңі болып табылады.

Көрсетілген норманы басшылыққа ала отырып, талданатын кіші саланың тұрақтылық индексі есептеу кезінде **2024 – 2025 жылдары** өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заңнамалық және заңға тәуелді актілердің саны ескерілді.

Заңнаманың тұрақтылық дәрежесін есептеу кезінде сапалық емес, сандық көрсеткіштер ескерілетінін ескере отырып, талданатын саланы реттеу «тұрақсыз» деп айқындалады.

Алайда, валюталық реттеу мәселелері бойынша НҚА-ға өзгерістер енгізу жиілігі, ең алдымен, нормативтік базаны Салық кодексін, сондай-ақ уәкілетті органдардың актілерін қоса алғанда, аралас нормативтік актілерге түзетулерге сәйкес келтіру, Мемлекет басшысының экономиканы тұрақтандыру және қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттыру жөніндегі тапсырмаларына жедел ден қою қажеттілігімен негізделгенін атап өткен жөн.

Анықтама.

1) Заңнама саласының (кіші саланың) тұрақтылық индексі заңнама саласын (кіші саланы) реттейтін нормативтік құқықтық актілер түрлерінің тұрақтылығын мынадай формула бойынша қосу жолымен айқындалады:

$$S_z = \frac{A_z/B_z}{55} * 100,$$

где:

A_z – заңнама саласын реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің саны **(4)**;

B_z – заңнама саласын реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің жалпы саны **(2)**;

55 – нормативтік құқықтық акт түрінің пайыздық мәні.

$$S_z = 4/2/55 * 100 = 3,6$$

2) Қазақстан Республикасы Президентінің заңнама саласын (кіші саласын) реттейтін нормативтік құқықтық жарлықтарының тұрақтылық индексі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_u = \frac{A_u/B_u}{5} * 100,$$

где:

A_u – заңнаманың саласын (кіші саласын) реттейтін Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарының саны **(1)**;

B_u – Қазақстан Республикасы Президентінің заңнама саласын (кіші саласын) реттейтін нормативтік құқықтық жарлықтарының жалпы саны **(1)**;

5 – нормативтік құқықтық акт түрінің пайыздық мәні.

$$S_u = 1/1/5 * 100 = 20$$

3) Заңнаманың саласын (кіші саласын) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің тұрақтылық индексі мынадай формула бойынша айқындалған:

$$S_v = \frac{A_v/B_v}{30} * 100,$$

где:

A_v – (заңнама саласын реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің саны) **(3)**;

B_{pp} – (заңнаманың саласын (кіші саласын) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің жалпы саны) **(5)**;

30 – нормативтік құқықтық акт түрінің пайыздық мәні.

$$S_v = 3/5/30 * 100 = 2$$

Заңнама саласының (кіші саласының) тұрақтылық индексі заңнама саласын (кіші саласын) реттейтін нормативтік құқықтық актілер түрлерінің тұрақтылығын мынадай формула бойынша қосу жолымен айқындалған:

$$S_{\text{общ.}} = S_z + S_u + S_{pp} + S_v.$$

$$S_{\text{общ.}} = 3,6 + 20 + 2 = 25,6$$

VII. Құқықтық талдау

p/c №	Құқықтық мониторинг жүргізу барысында анықталған нормативтік құқықтық актінің түрі, қабылданған күні, нөмірі және атауы	Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі (бөлігі, абзацы, тармақшасы, тармағы, бабы)	Анықталған кемшіліктің сипаттамасы	Анықталған кемшіліктерді жою бойынша қабылданатын немесе қабылданған шаралар (оның ішінде нормативтік құқықтық акт жобасының атауы, әзірлеу немесе келісу сатысы)
Қарама-қайшы нормалар				
1.	«Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 41 қаулысы (бұдан әрі – № 41 Қағидалар)	1,2,3,4,5-қосымшалар	1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидаларына енгізілген өзгерістерге байланысты, № 41 Қағидалармен бекітілген әкімшілік деректер нысандары аталған нормативтік құқықтық актімен сәйкестендірілуі тиіс. 2. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес, заңнамалық актілерге сілтеме жасаған кезде олардың тіркеу нөмірлерін немесе қабылданған күндерін көрсету талап етілмейді. Сондықтан, № 41 Қағидаларға Валюталық реттеу туралы заңға сілтеме жасаған кезде қабылданған күні мен нөмірін алып тастайтын өзгерістер енгізу қажет.	Ұлттық Банк Басқармасының тиісті өзгерістерді көздейтін «ҚР Ұлттық Банк Басқармасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» қаулысының жобасы әзірленді. Бұл жоба қазіргі уақытта Әділет министрлігінің қарауында.
2.	«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту	3,4,5,6,7,8,9-қосымшалар	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің	Ұлттық Банк Басқармасының тиісті өзгерістерді көздейтін «ҚР Ұлттық Банк Басқармасының

	туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысы (бұдан әрі – № 64 Қағидалар)		әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидаларына енгізілген өзгерістерге байланысты, № 64 Қағидалармен бекітілген әкімшілік деректер нысандары аталған нормативтік құқықтық актімен сәйкестендірілуі тиіс.	кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» қаулысының жобасы әзірленді. Бұл жоба қазіргі уақытта Әділет министрлігінің қарауында.
3.	«Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығы (бұдан әрі – бірлескен НҚА)	2,5,7,8-16,18,19-қосымшалар	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2010 жылғы 14 шілдеде № 183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидаларына енгізілген өзгерістерге байланысты, № 64 Қағидалармен бекітілген әкімшілік деректердің нысандарын көрсетілген НҚА-ға сәйкес келтіру талап етіледі.	Тиісті өзгерістерді көздейтін «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Ұлттық Банк Басқармасының және Қаржы министрінің бірлескен қаулысы мен бұйрығының жобасы әзірленді. Жобада Ұлттық Банктің және Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелерін интеграциялауға

				байланысты 2, 8, 9-қосымшаларға өзгерістер енгізу, сондай-ақ нысандарды өзектендіру бөлігінде «Мемлекеттік статистика туралы» Заңға сәйкес келтіру көзделген. Аталған жоба Әділет министрлігінің қарауына енгізілді. Әзірленген жобаға енгізілмеген бірлескен НҚА-ға қосымшалар Ұлттық Банктің ағымдағы нормашығармашылық қызметі шеңберінде өзектендірілетін болады (2026 жылы жоғарыда көрсетілген Заңды қоса, заңнамалық түзетулерді іске асыруға үшін бірлескен НҚА-ға өзгерістер енгізу жоспарланып отыр).
Қазақстан Республикасының Конституциясына әлеуетті түрде сәйкес келмейтін нормалар				
	-			
Ескірген нормалар				
1.	«Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 қаулысы	Кіріспе, 1,2-тармақтар	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ Заңы және «Қазақстан	Тиісті өзгерістерді көздейтін «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Ұлттық Банк Басқармасының қаулы жобасы әзірленді.

	(бұдан әрі – № 294 Қағидалар)		Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 6 қыркүйектегі № 984 Жарлығының қабылдануымен бекітілетін НҚА тізбесін заңдардан Ұлттық Банк туралы ереже деңгейіне ауыстыруға байланысты Ұлттық Банктің құзыретіне сілтемелік нормаларды өзектендіру талап етіледі. Осыған байланысты № 294 Қағидалардың кіріспесін мен 1-тармағын Ұлттық Банк туралы ережеге сілтеме көрсете отырып өзгерту қажет.	Аталған жоба Әділет министрлігінің қарауына енгізілді.
2.	«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысы (бұдан әрі – № 40 Қағидалар)	Кіріспе, 1,16-3-тармақтар	1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ Заңы және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 6 қыркүйектегі № 984 Жарлығының қабылдануымен бекітілетін НҚА тізбесін заңдардан Ұлттық Банк туралы ереже деңгейіне ауыстыруға байланысты Ұлттық Банктің құзыретіне сілтемелік	Тиісті өзгерістерді көздейтін «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Ұлттық Банк Басқармасының қаулы жобасы әзірленді. Аталған жоба Әділет министрлігінің қарауына енгізілді.

			нормаларды өзектендіру талап етіледі. Осыған байланысты № 40 Қағидалардың кіріспесін мен 1-тармағын Ұлттық Банк туралы ережеге сілтеме көрсете отырып өзгерту қажет. 2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 219-VIII ҚРЗ Заңымен КЖТҚҚ туралы заңның тақырыбы өзгертілді. Осыған байланысты № 40 Қағидаларда аталған заңға сілтеме нормасын өзектендіру талап етіледі.	
3.	«Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 41 қаулысы (бұдан әрі – № 41 Қағидалар)	Кіріспе, 1-тармақ	2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және 2025 жылғы 6 қыркүйектегі № 984 «ҚР Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығының қабылдануына байланысты бекітілген нормативтік құқықтық актілер тізбесін заңдардан Ұлттық Банк туралы	Ұлттық Банк Басқармасының тиісті өзгерістерді көздейтін «ҚР Ұлттық Банк Басқармасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» қаулысының жобасы әзірленді. Бұл жоба қазіргі уақытта Әділет министрлігінің қарауында.

			ереже деңгейіне ауыстыруна қатысты Ұлттық Банктің құзыреті туралы анықтамалық қағидаларды жаңарту қажет. Осыған байланысты, № 41 Қағидалардың кіріспесі мен 1-тармағы Ұлттық Банк туралы ережеге сілтеме жасау үшін өзгертілуі тиіс.	
4.	«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысы (бұдан әрі – № 64 Қағидалар)	Кіріспе, 1-тармақ	2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және 2025 жылғы 6 қыркүйектегі № 984 «ҚР Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығының қабылдануына байланысты бекітілген нормативтік құқықтық актілер тізбесін заңдардан Ұлттық Банк туралы ереже деңгейіне ауыстыруна қатысты Ұлттық Банктің құзыреті туралы анықтамалық қағидаларды жаңарту қажет. Осыған байланысты, № 64 Қағидалардың кіріспесі мен 1-тармағы Ұлттық Банк туралы ережеге сілтеме жасау үшін өзгертілуі тиіс.	Ұлттық Банк Басқармасының тиісті өзгерістерді көздейтін «ҚР Ұлттық Банк Басқармасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» қаулысының жобасы әзірленді. Бұл жоба қазіргі уақытта Әділет министрлігінің қарауында.
5.	«Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»	14-тармақ	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл	Тиісті өзгерістерді көздейтін «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге

	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығы (бұдан әрі – бірлескен НҚА)		мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 219-VIII ҚРЗ Заңымен КЖТҚҚ туралы заңның тақырыбы өзгертілді. Осыған байланысты бірлескен НҚА-ның 14-тармағындағы аталған заңға сілтеме нормасын өзектендіру талап етіледі.	асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Банкі Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Ұлттық Банк Басқармасының және Қаржы министрінің бірлескен қаулысы мен бұйрығының жобасы әзірленді. Аталған жоба Әділет министрлігінің қарауына енгізілді.
Сыбайлас жемқорлықпен байланысты нормалар				
	-			
Қайталанатын нормалар				
	-			
Құқық нормаларының олқылықтары				
	-			
Артық бланкеттік және сілтеме нормаларының болуы				
	-			
Өзге (болған жағдайда)				
	-			
Барлығы: (саны анықталған құқық кемшіліктері): 10				

VIII. Қорытындылар мен ұсыныстар

Қазақстан Республикасындағы валюталық операцияларды реттейтін қолданыстағы заңнамаға жүргізілген талдау оның жоғары бейімділігін, жүйелілігін және мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін айғақтайды. Валюталық реттеу туралы Заңның нормалары тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, ішкі валюта нарығының тұрақтылығын,

төлем балансының тұрақтылығын қолдау және елдің экономикалық қауіпсіздігін нығайту жөніндегі мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттерін дәйекті түрде көрсетеді.

Валюталық реттеу трансшекаралық операцияларды есепке алудың ашықтығы мен толықтығын қамтамасыз ету функциясын тиімді орындайды. Сыртқы экономикалық қызмет үнемі дамып келе жатқанын ескере отырып, есеп айырысудың жаңа формалары мен капиталды жылжыту тетіктері пайда болады, нормативтік-құқықтық базаның өзектілігі мен толықтығын сақтау ерекше маңызға ие болады. Валюталық заңнама уақтылы бейімделудің жоғары қабілетін көрсетеді: жаһандық экономикалық жағдайдың өзгеруі, сыртқы күйзелістер және валюта нарықтарындағы құбылмалылықтың күшеюі жедел әрекет етуді талап етеді. Тәжірибе көрсеткендей, заңнаманы айналып өтудің туындайтын схемалары мониторинг процесінде анықталады және **Ұлттық Банк тәуекелдерді төмендетуге және қаржылық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған құқықтық нормаларды дер кезінде түзетуге бастамашылық жасайды.**

Валюталық заңнамаға енгізілген өзгерістердің едәуір бөлігі оны **Салық кодексіне, сондай-ақ уәкілетті органдардың актілерін қоса алғанда, аралас нормативтік актілерге енгізілген түзетулерге сәйкес келтіру қажеттілігіне байланысты.** Мемлекет басшысының экономиканы тұрақтандыруға және қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттыруға бағытталған тапсырмалары маңызды рөл атқарды. Бұл валюталық реттеуді дамытудың жүйелі сипатын және оның жалпы құқықтық архитектурамен үйлесімділігін көрсетеді.

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» жаңа Заңды дайындау шеңберінде валюталық операциялар мониторингін күшейтуге, ашықтықты арттыруға және валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігін қамтамасыз етуге бағытталған валюталық реттеу туралы Заңға нүктелік өзгерістер ұсынылды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту туралы заңнамаға ілеспе түзетулерді қабылдау нормативтік базаны одан әрі жетілдіруге және оның қазіргі экономикалық жағдайларға сәйкестігін қолдауға ықпал ететін болады.

Жалпы жүргізілген талдау **Қазақстан Республикасының Валюталық реттеу жүйесінің тиімді жұмыс істейтінін көрсетеді.** Нормативтік құқықтық актілер қаржылық және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеттеріне жауап береді, сыртқы жағдайлардың өзгеруіне және халықаралық қаржы ағындарының динамикасына уақтылы жауап береді, сондай-ақ валюталық операцияларды реттеуге кешенді және алдын алу тәсіліне сүйенеді. Валюталық реттеудің қолданыстағы жүйесі Қазақстан экономикасының қазіргі заманғы сын-қатерлері мен даму перспективаларына тұрақты, тиімді және барабар деп танылуы мүмкін.

IX. Құқық нормаларының анықталған кемшіліктерін жоюға бағытталған шаралар туралы ақпарат.

Актінің атауы	Өзірленген ұсыным	Іске асыру мерзімі
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулылары: 1) 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 «Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерінің мониторингі қағидаларын бекіту туралы»; 2) 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»; 3) 2019 жылғы 30 наурыздағы № 41 қаулысы «Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы»; 4) 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы»; 5) «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 бірлескен қаулысы және Қазақстан Республикасы Премьер - Министрі орынбасарының-Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бұйрығы	1. Ұлттық Банк Басқармасының қаулыларында келтірілетін нормативтік құқықтық актілерге сілтеме нормаларын «Құқықтық актілер туралы» Заңға сәйкес және келесі заңдардың қабылдануына байланысты өзектендіру: - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII Заң; - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 219-VIII Заң. 2. Ұлттық Банк Басқармасының қаулыларымен бекітілген әкімшілік деректер нысандарын Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде әкімшілік дереккөздермен ұсыну қағидаларына сәйкес келтіру.	Көзделмеген, нормативтік құқықтық актілерді өзектендіру ағымдағы нормашығармашылық қызмет тәртібінде іске асырылады.

